



**Павлодар облысының аумағында
Құрбан айтты (Құрбан байрам) мерекелеу кезінде
шектеулі карантиндік шаралар туралы
№ 17 ҚАУЛЫ**

2021 жылғы «14» шілде

Павлодар қаласы

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» № 67 Қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» № 68 Қаулысына, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдері, Павлодар облысының полиция Департаменті, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің аумақтық бөлімшелері, кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы, ҚМДБ Павлодар облысы бойынша бас имамы Құрбан айтты мерекелеу кезінде (Құрбан байрам), ұйымдарға, кәсіпкерлік субъектілерін, заңды және жеке тұлғалар қамтамасыз етсін:

1) меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда, сондай-ақ жеке үйлер мен медреселерде адамдар көп жиналатын іс-шаралар өткізуге тыйым салынсын;

2) автокөліктерден және жеке меншік үйлерден мал сатуға тыйым салынсын;

3) мал союды және мал сатуды ұйымдастыру ветеринариялық қызметтің ресми ветеринариялық-санитариялық қорытындысын алған сою пункттері мен алаңдарында жүргізілсін (аудандардағы сою пункттері, алаңдар ветеринариялық қызмет бекіткен тізбеге сәйкес);

4) облыстың барлық аумағындағы сою пункттерінде күшейтілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізілсін;

5) құрбан шалу (құрбандық) Qurban2021.kz сайтына өтінім бере отырып, онлайн-режимде өткізілсін;

6) мұқтаж адамдарға таратуға тартылған адамдарды жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ете отырып, тез бұзылатын өнімдерді (құрбандыққа шалынған жануарлардың етін) тасымалдау және сақтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар талаптары сақталсын;

7) онлайн режимде құрбандық шалуды ұйымдастыру туралы БАҚ арқылы тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуы бақылансын. Бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолданылсын.

3. Меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін осы Қаулыны орындау міндетті болып саналады. Заң бұзушылықтар анықталса, құзыреті мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шегінде жедел шаралар қабылдансын.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 16 шілдеде сағат 00:00-ден бастап 2021 жылғы 23 шілдеге дейінгі қолданылу мерзімімен күшіне енеді.

**Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Б. Алиев